



IIEI
Independent Institute for
Environmental Issues



**«Қазақ су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» (ҚазСШҒЗИ)
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

мен

Экологиялық Мәселелердің Тәуелсіз Институты (ЭМТИ) -Германия

арасындағы

Өзара Түсіністік туралы Меморандум

«Қазақ су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» (ҚазСШҒЗИ) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен Экологиялық Мәселелердің Тәуелсіз Институты (бұдан әрі – «Тараптар») су ресурстарын басқару, климатқа бейімделу және экологиялық тұрақтылық саласындағы бірлескен қызметпен айналысуға деген ұмтылыстарын мойындайды. Бұл Өзара Түсіністік туралы Меморандум (бұдан әрі – Меморандум) өзара қызығушылық пен пайда әкелетін жобалар мен бастамаларды ілгерілету және қолдау үшін Тараптар арасындағы ынтымақтастық шеңберін құруға бағытталған.

Тараптар келесі бағыттар бойынша ынтымақтастыққа келіседі:

- Су ресурстарын тұрақты басқаруға және суару әдістеріне/технологияларына бағытталған бірлескен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жобалар.
- Ауыл шаруашылығында және қалалық жерлерде суды үнемдеу және тиімді пайдалану бойынша озық тәжірибелерді енгізу.
- Ауыл шаруашылығы және су ресурстары секторларында климаттың өзгеруіне бейімделу стратегияларын әзірлеу және енгізу бойынша бірлескен күш-жігер.



- Құрғақшылық, су тасқыны және су тапшылығы сияқты климаттың әсеріне төзімділікті арттыру үшін білім мен технологиялармен алмасу.
- Су ресурстарын сақтау мен орнықты басқарудың саясаты мен негіздерін әзірлеу.
- Климаттың өзгеруін ескере отырып, су ресурстары саласындағы хабардарлық пен әлеуетті арттыруға бағытталған білім беру және оқыту бағдарламалары.
- Білімді тарату және озық тәжірибелермен бөлісу үшін семинарлар, конференциялар ұйымдастыру.
- Су ресурстарын басқаруға қатысты құнды ақпаратпен, зерттеу нәтижелерімен және озық тәжірибелермен алмасуда өзара қолдау.

Ынтымақтастық шарттары:

1. Осы Меморандумға сәйкес жүзеге асырылатын әрбір қызмет бойынша ынтымақтастық шарттарын екі тарап осындай қызмет басталғанға дейін жазбаша түрде келісуі керек. Кез келген осындай келісім Осы Меморандумға қосымша болып табылады.
2. Осы Меморандум Тараптардың Мемлекеттері қатысушы болып табылатын басқа халықаралық шарттар бойынша туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттеріне әсер етпейді.
3. Уағдаласушы Тараптар Осы Меморандумды іске асыруға байланысты қаржылық шығындарды Өз Мемлекеттерінің ұлттық заңдарында көзделген ресурстар шегінде дербес көтереді.
4. Бұл Меморандум халықаралық келісім болып табылмайды және Халықаралық құқық Бойынша Тараптар үшін ешқандай қаржылық немесе заңды міндеттемелер туғызбайды.

Ұзарту, Тоқтату және Түзету:

1. Әрбір мекеме мақұлдағаннан кейін Бұл Меморандум 3 жыл мерзімге күшінде қалады. Үш (3) жыл өткеннен кейін, Егер өзгеше белгіленбесе, Осы Меморандум автоматты түрде тағы үш (3) жылға ұзартылады.
2. Осы Меморандум Тараптардың өзара келісімі бойынша қайта қаралып, толықтырылуы мүмкін.



3. Тараптардың кез келгені Осы Меморандумды қолдануды екінші тарапқа мұндай шешім қабылданғанға дейін кемінде үш (3) ай бұрын жазбаша түрде хабарлау арқылы тоқтата алады.

Берлин, 22.08.2024ж.

Балғабаев Нұрлан Нұрмаханұлы
Бас директор



«Қазақ су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» (ҚазСШҒЗИ) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Занды мекенжайы:
Қолбасшы Қойгелді көшесі, 12,
080003, Тараз, Қазақстан Республикасы

Берлин, 22.08.2024ж.


Фабиан Штолпе
Экологиялық құқық және қатысу бөлімі
басшысының орынбасары

Экологиялық Мәселелердің Тәуелсіз
Институты (ЭМТИ)

Занды мекенжайы:
Грейфсвальдер Көшесі, 4, 10405 Берлин,
Германия